



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Құттықтаулар!

Төл мерекелеріңіз құтты болсын кәсіп иелері

Құрметті судья және сот қызметкерлері!

Сіздерді судья және сот қызметкерінің кәсіби мерекесімен құттықтаймыз!

Егемендік алғаннан кейін, сот саласында түбегейлі өзгерістер орын алып, билік тармағының бір бөлігі – сот саласының іргетасы қаланды. Биылдан бастап заңның үстемдігін қамтамасыз ететін сот жүйесінің кәсіби мерекесі - Қазақстан Республикасында 24 маусым судья және сот қызметкері күні болып жарияланды.

Бүгінде сот жүйесі әділ шешім шығаруда ең тәуелсіз әрі жан-жақты қорғалған және толық қамтамасыз етілген орган. Сондықтан да материалдық-техникалық жағынан толық қамтылған сот саласы және ондағы қызметкерлер, өз мәртебесіне сай жұмыс істеуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауына сәйкес Конституциялық Сот құруға ұсынылды. Мемлекет басшысы қоғамның сот жүйесіне деген сенімін нығайту үшін жүргізіліп жатқан реформалардың маңыздылығына тоқталған болатын. Жолдауға сәйкес Конституциялық Сот құрылады.

Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау жолында еңбек етіп жүрген судьялар мен сот қызметкерлеріне зор денсаулық, қиын жұмыста – сот төрелігін жүзеге асыруда сәттілік тілейміз!

Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Сіздерді 23 маусым кәсіби мерекелеріңіз – мемлекеттік қызметшілер күнімен құттықтаймыз!

Қоғам мен мемлекет арасындағы көпір болып, оларды байланыстыратын ол мемлекеттік қызметшілер. Олардың мәртебесін көтеру, құрметтеу үшін осындай кәсіби мерекелік күн белгіленген. Бұл біздің мемлекеттік қызметтегі азаматтарымыз үшін зор мәртебе.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс» деп атап өткен болатын. Бүгінде мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талап та күшейді.

Халқымызда «Билігі мықты елдің – тірлігі құтты болады» деген қанатты сөз бар. Халықтың мүддесінен шығып, туған елің үшін қызмет ету үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан да елдің сенімі басты назарда болуы керек. Ауданның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолында атқарып келе жатқан қызметтеріңізге табыс тілейміз. Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман болсын!

Құрметті полиция қызметкерлері!

Сіздерді 23 маусым Қазақстан Республикасының полициясы күнімен құттықтаймыз!

Құрылғанын 30 жыл толған Ішкі істер органдары, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылым.

Елдің тыныштығы мен қоғам қауіпсіздігін мен мемлекет Тәуелсіздігін сақтау жолында полиция қызметкерлері өз үлестерін қосып келеді. Олардың қатарында аудандық полиция бөлімі қызметкерлері бар екенін мақтанышпен айта аламыз. Өңірдің қауіпсіздігі мен қылмыстың алдын-алу жолында күн-түн демей қажырлы еңбек етіп келеді. Ішкі істер органдары кәсіби шеберліктері мен жанқияр ерліктері қандай құрметке де лайық.

Полиция қызметкерлерінің төл мерекелерінде құқық қорғау саласындағы абыройлы да адал еңбектері үшін алғыс білдіреміз! Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ел тыныштығын тілейміз!

М.ТҰРЫСБЕКОВ,
Аудан әкімі.
Б.БАЙҒАРАЕВ,
Аудандық маслихат хатшысы.

Баспасөз-2022

2022 жылдың екінші жарты жылдығына аудандық

«Созақ үні» газетіне жазылу жүргізілуде

«Қазпошта» арқылы

Жеке тұлғалар үшін- 2279 теңге 64 тиын,

Мекемелерге-6759 теңге 24 тиын

«Ернұр Пресс» арқылы

Жеке тұлғалар үшін-2304 теңге.

Редакция арқылы

Жеке тұлғалар үшін-2250 теңге.

Жазылуға асығыңыздар!

16 маусымда Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай өткізді. Өз сөзінде Мемлекет басшысы Қазақстан тәуелсіз ел болғалы өткізіліп отырған Ұлттық құрылтайдың алғашқы жиынын бабалар салған дәстүр бойынша Ұлытауда өткізіп отырғанын айтты, деп хабарлайды Zakon.kz.

Мемлекет басшысының құрылтайдағы сөзінің толық мәтіні Ақорда сайтында жарияланды.

Мемлекет басшысы ең бірінші кезекте республикалық референдумда үлкен өзгерістерге ниет білдірген, дауыс беріп қолдаған халыққа зор алғысын жеткізді.

Отбасымен барып, ел бопашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Шынайы



Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі

өзгеріске және жан-жақты жаңғыруға деген ұмтылысын білдірді. Келешегіміздің жарқын боларына үміті және сенімі зор екенін байқатты. Еліміз ертеңгі күнге мызғымас бірлікпен қадам басуға дайын екенін анық аңғартты. Көпшілік Ата заңға өзгерістер енгізу туралы менің бастамамды қолдады. Дауыс беруге қатысқан барша азаматтарға зор алғысымды айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз



Президент бұдан былай барша еліміздің жаңаратынын айтты. Алайда, Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтыны, ол үшін үлкен-кіші, жас-кәрі бәрі бір кісідей жұмылып

жұмыс істеп, ерінбей еңбек етулері керек екеніне тоқталды. Мемлекет басшысы елді бір іске ұйыстыру мақсатымен Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтергенін айтты.

Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамаға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген. Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстыр-

құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз атамекенге шақырылды. Біз бабалар жолын ұстанып, Құрылтай шақыру дәстүрін жаңғырттық. Елдігімізді нығайтып, бірлігімізді бекемдейік деп, бүгін бас қосып отырмыз.

Президент Құрылтайды ұлы бабалар кеңес құрған Ұлытаудан бастап отырғанының мәнін түсіндірді.

Ұлы даланың төрінде тұрған Ұлытау талай тарихи оқиғаның куәсі болған. Ел тағдырын айқындаған көптеген маңызды кеңестер дәл осында өткен. Киелі өлкеде Алтын орда әміршілері мен Қазақ хандарының ізі қалған.

Біз ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тапсын деп осы жерге келіп отырмыз. Ұлт

ды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды. Егемендік кезеңінде Дүниежүзі қазақтарының алғашқы

ұясы – Ұлытаудың ғасырлар бойғы ұлы миссиясы қайта жалғасын тапты, – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте).

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ұлттық құрылтайдың құрамында 117 адам болады. Құрылтай барлық облыстың, сан түрлі саланың, әр буынның өкілдерін қамтиды. Бұнда азаматтық ұстанымы бар орта буынның тәжірибесі, жаңаша ойлайтын жастардың тың идеялары ортаға салынады.

Алты Алаштың баласы жиналған алқалы жиындағы алғашқы тапсырма

Мемлекет басшысы ел бірлігін нығайтатын, қоғамды ұйыстыратын тың идеялар орталығы болатынына сенем білдірді. Сөйтіп, алты Алаштың баласы жиналған алқалы жиында алғашқы тапсырмасын да берді.

Бұл жерде барлық рудың таңбасы тасқа жазылған. Сол арқылы бабаларымыз ұлт бірлігін көрсеткен. Қаныш Сәтбаев «Еліміздің ту тіккен жері – Таңбалы тас» деген. Өкінішке қарай, қастерлі жазулар кейін әбден бүлінді. Ел азаматтары Ұлытауға ескерткіш қойып, тастағы таңбаларды жаңғыртты. Бірақ, бұл жеткіліксіз деп ойлаймын. Мұнда қазақтың бірлігін әйгілейтін сәулетті нысан тұруы керек. Мен Әулиетаудың етегінде Мемлекеттік рәміздер алаңын ашуды тапсырамын. Қасиетті өңірде көк байрағымыз асқақтап тұруға тиіс. Сол арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасып жатқанын көрсетеміз.

Президенттің айтуынша, Ұлттық құрылтайдың ең басты міндеті – ұлтты ұйыстыратын парасатты, тың идеялар мен ұсыныстарға айрықша мән берілуі керек. Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай алымы барысында басшылыққа алынуы тиіс үш негізгі мәселені атады.

Президент атаған үш мәселе: Жалпыұлттық бірлік, еңбек, адам және технология

Бірінші. Жалпыұлттық бірлікті нығайту. Ең алдымен, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға айрықша мән беруіміз қажет. Сонымен қатар, қоғамды алға жетелейтін құндылықтарды қалыптастыруымыз керек. Біз орнықты демократиялық институттар құрамыз десек, саяси жауапкершілік мәдениетін дамытуымыз қажет. Шын мәнінде, нағыз отаншылдық қасиетті қалыптастыруға тиіспіз. Сонда радикализм мен экстремизмге тосқауыл қоямыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы елдің ең басты құндылығы егемендік екеніне назар аударып, қаңтар оқиғасынан кейін Қазақстанда саяси белсенділік артқанын атап өтті. Жаңа саяси партиялар мен қозғалыстар пайда бола бастағанын, түрлі алаңдарда әртүрлі пікірлер айтылып жатқанынан хабардар екенін айтты.

Қоғам белсенділері әлеуметтік желіде түрлі мәселелерді көтеріп жүр. Шыны керек, кейде мүлде ақылға сыймайтын пайымдар да айтылады. Жұрт даулы мәселелерге наразылық білдіріп, көшеге шығатын болды. Заңды белден басатын азаматтар да жоқ емес. Біртіндеп демократия жолына түсу кезінде мұндай жағдайлардың болуы – түсінікті. Бірақ, Заң талабы мүлтіксіз орындалуға тиіс екенін әрдайым есте ұстау



қажет. Заң мен тәртіп–ішкі тұрақтылықтың бірден-бір кепілі.

Президенттің пікірінше, ұлтты ұйыстыратын бірінші қасиет атаққұмарлық емес, еңбекқорлық.

Отбасын асырау үшін табанды еңбек етіп жүрген, заңға бағынатын адамдар құрметке ие болу керек. Өкінішке қарай, бізде көше бұзақылары, жауапкершіліктен жұрдай блогерлер және масылдық пиғылдағы айқай шығаратын адамдар бүгінгі күннің батырына айналды. Депутаттар мен атқарушы билік өкілдері соларға ғана баса мән беретін болды. Түрлі деңгейдегі шенеуніктер солардың ғана талабын орындауға жүгіреді. Орталықтағы және аймақтардағы билік барлық азаматтың мұқтажына бірдей қарауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жүргізіліп жатқан реформалардың мән-маңызын халыққа дұрыс түсіндіруді екінші маңызды міндет ретінде атады. Қазір бұл жаңғырулар біртіндеп жалпыұлттық сипатқа ие бола бастаған.

Мемлекет басшысы халықтың жаңа технологиялар арқылы ауқымды реформаларға қатысуын үшінші маңызды міндет ретінде атады.

Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтару ұсынылды

Мемлекет басшысы Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне де өзгеріс енгізген жөн деп есептейді. Мәселен, Тәуелсіздік мейрамының мәнін өзгертпестен, кейінгі жылдары атаусыз қалған Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің Тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, Тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні

лады?» дейтіндер бар. Бұл – орынды сұрақ. Бірақ, негізінен кадрларды біртіндеп ауыстыру керек. Тіпті, кезінде Ресейде, Қытайда, Иранда болған революциялардан кейін де бұрынғы режимнің шенеуніктері мемлекеттік қызметін жалғастырған. Бұл елдермен салыстырғанда біздегі жағдай, әрине, мүлде басқаша. Жалпы, мемлекеттік қызметшілерді қолынан түк келмейді деп кемсітуді доғару керек. Тіпті, оларды «Халық жаулары» сияқты көретіндер бар. «Шенеунік» деген сөз жағымсыз ұғымға айналып барады. Бұл – дұрыс емес. Мемлекеттік қызметте адал әрі білікті кадрлар өте көп. Олар Отанымыздың игілігі жолында тынбай еңбек етіп жүр. Бірақ, өкінішке қарай, «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген де бар. Ондай адамдармен біз бірден қоштасып жатырмыз.

Қазақ тілінің мәртебесі хақында

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілінің мәртебесіне де тоқталды.

Мемлекеттік тілдің тұңғыр күн өткен сайын нығайып келеді. Оған қоса, әлемнің басты ақпарат құралдары қазақша шығып жатыр. Жақында әйгілі «APPLE» компаниясы қазақ тілін iOS-тың тілдер жүйесіне қосты. Әлемнің 40 тілінде тарайтын «NICKEL ODEON» телеарнасы қазақша көрсетіле бастады. Жастардың бастамасымен «NATIONAL GEOGRAPHIC» журналы 6 жылдан бері ана тілімізде жарық көруде. Осындай көптеген жағымды жаңалықтар бар. Сондықтан қатты алаңдауға негіз жоқ деп ойлаймын. Десек те, осы саладағы жұмысымызды даңғаз жасамай, табандылықпен жүргізуіміз қажет. Қазақ мемлекеті аман тұрғанда, қазақ тілі жасай береді.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында осыған дейін қазақ қоғамын



Құрылтай – белгілі бір адамдар ғана бас қосатын жер емес. Ол, шын мәнінде, жалпыұлттық жиынға айналуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Біз Жаңа цифрлық технологияның мүмкіндігін кеңінен пайдалануымыз қажет. Сонда мемлекет пен халықтың қарым-қатынасы барынша тиімді болмақ. Мен Qurultay деген арнайы мобильді қосымша әзірлеуді ұсынамын. Сол арқылы халық елді жаңғырту туралы ой-пікірін онлайн режимде айта алады. Жұрт реформаның нақты пайдасын көруі қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ретінде атап өтілуі керек, – деді Президент.

Ескі кадрмен Жаңа Қазақстанды қалай құруға болады - Президент жауабы

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда, әсіресе әлеуметтік желілерде көп талқыланып жүрген кадр, яғни мамандар мәселесіне де назар аударды.

Әлеуметтік желіде «Ескі кадрмен Жаңа Қазақстанды қалай құруға бо-

толғандырған келелі мәселелердің бәрі Ұлытауда, Ордабасыда, Мәртебеде, Күлтөбеде өткен осындай кеңестерде шешілгенін айта келіп, Ұлттық құрылтайдың келесі жиынын Түркістанда өткізуді ұсынды.

Жиында Мемлекет басшысына бөлек Ұлттық құрылтайдың 10 мүшесі сөз сөйледі. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин құрылтайды жүргізді.

Құрылтай отырысының соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі ақын Мұхтар Шахановқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беріп, «Отан» орденін тақты.

Заңайна

Көпшіліктің көкейінде жүрген мәселе



Өткен аптаның жұмасы күні аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында аудандық соттың ұйымдастыруымен «Қайтыс болу фактісін анықтау» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Аудандық «Созақ үні» газетінің өткен сандарында осы тақырыптарда бірнеше мәрте жиындар өткені туралы ақпараттар жарияланған болатын. Дөңгелек үстелде Созақ аудандық сотының төрағасы Ақылбек Дәуренбеков жалпы халыққа қажетті, жұрттың көкейінде жүрген мәселелерді айта келіп қайтыс болған азаматтарды заң шеңберінде сараптамадан өткізу және оған жұмсалатын, яғни ақылы қызмет түрлері туралы аудан жұртшылығының көкейінде негізсіз ойлар жүретінін айтып өтті. Сондай-ақ ауыл, кент әкімдері ауыл басшысы ретінде қайтыс болған үйдің барлық жан-жақ мүшелерін жақсы біледі. Сондықтан мәйітті сараптамадан өткізу керектігі тралы түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізу, ертеңгі күні артында қалған ұрпақтарына жәрдемақы төлеу, түрлі құжаттарға сұраныстар болған жағдайда алдымен сараптаманың қортындысы туралы анықтама сұрайтынын ескерту қажет. Осы тұста «Созақ үні» газеті арқылы ақылы қызмет түрлерін де газет бетіне жариялауды жөн санадық. Осы сауал төңірегінде тиісті сала мамандары газет бетіне мақала, түсіндірме жариялап халыққа кеңінен түсіндіріп өтсе деген болатын. Соған байланысты қайтыс болған азаматтар мен азаматшалардың мүрдесін ақша төлеп алу мәселесін тиісті органдар мен сала сала басшыларына хабарлашып, олардан тиісінше аудан халқына жауап беру жөнінде барынша терең анықтап көрдік.

Негізінде қайтыс болған азаматтарды сараптамадан өткізу тегін. Тек ғана тазалау, тігу, беті мен бөлшектеніп кеткен дене мүшелерін қалпына келтіріп беру, (онда да қайтыс болған азаматтың туған-туыстары шошып қалмау үшін) сияқты маңызды қызмет түрлеріне ғана жеке азамат қаржы төлейді. Сараптамадан өткізу себебі марқұмның соңында қалған жары мен балалары үшін төленетін әлеуметтік төлемдер сараптама қортындысы негізінде төленеді. Көбіне көлік ролінде ішкілік ішкен, не болмаса өз өзіне қол салған азаматтардың іс әрекетін жабу үшін марқұмның ет-жақын ағайындары теріс әрекеттерге

барып жатады. Сол себепті «пәлен теңге төлеп алады екен» деген дақпырт әңгіме осы жайлардан туындаса керек. Бірақ мұндай теріс әрекеттер менің қызмет баымда кездескен емес. Жалпы ауыл әкімі жерлеу, өлген азаматты сараптамадан өткізу барысында бізбен бірге жүріп ауыл тұрғындарына тереңінен түсіндірсе дұрыс болар еді,-дейді Созақ аудандық полиция бөлімінің аға тергеушісі, полиция капитаны Досжан Жансейіт.

-Жалпы мұсылман қауымында шарият бойынша қайтыс болған азаматтардың мүрдесіне тиісу дұрыс емес. Бірақ қайтыс болған адамның артында қалған ұрпақтарына мемлекеттің тиесілі жеңілдіктерін тағайындау үшін Заң тұрғысында мәйітті сараптамадан өткізу керектігін біліп жүрміз. Лажы болса қарпайым азаматтарды сандалтпай марқұмды соңғы сапарына тезірек жөнелту әрбір мұсылманның басты парызы. Сол себепті тиісті органдар оң қабақ танытып, барынша қайғы жамылған отбасыға түсіністікпен қараса дейміз,-дейді ауданның найб имамы Бекет Алашбаев.

Барлық қайтыс болған азаматтарды сараптамадан өткізе бермейді. Оның ішінде қарттық жасы келген, бұрыннан созылмалы аурулары бар, мүгедектік топтағы кісілер қайтыс болса сырттай қарап, тексеріп жерлеуге рұқсат беруге болады,-дейді аудандық аурухананың дәрігері Талғат Қалдыбеков.

-Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі А.Мадалиевтің 2020 жылы бекіткен «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК ақылы қызметтер мен зерттеулерге бағалар преискурантын назарларыңызға салып өтейін. Гистологиялық препараттарды қалпына келтіру-7652 теңге, Мәйітті косметологиялық өңдеу (бет әлпетін)-1348 теңге, Мәйітті косметологиялық өңдеу: (тырнақты алып тастау)-1468 теңге, Мәйіттің дене мүшелерін жинап, тігіп, қалпына келтіру-6006 теңге, Мәйіттің сыртқы келбетін қалпына келтіру (қайта қалпына келтіру) (жарақат алған жағдайда бастың пішінін және бет әлпетін қайта қалпына келтіру) 8256 теңге, Мәйіт бетін үстілік бальзамдау-5162 теңге, Мәйітті тоңазытқыш камерада сақтау сағатына 392 теңге, Мәйіттің тазалау (кину, жуу)- 9641 теңге, Же-

ке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша мамандандырылған зерттеу жүргізу (химиялық және түрін өзгертетін әдістерді қолданбай) -5570 теңге, Сарапшыны маман ретінде тарту сағатына-2253 теңге және тағы басқа да ақылы қызмет түрлері бар. Сараптама жасату, жасатпау өз құқығыңызда екенін тағы да айтыңыз. Жалпы сараптама тегін,-дейді Созақ аудандық полиция бөлімінің аға тергеушісі.

-Жерлеуді ұйымдастыру бойынша Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңының 31-бабының 32)-тармағында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, қабірге арналған жер учаскелерін есепке алу мен тіркеу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды ұйымдастырады;

33)-тармағында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, жерлеу жөніндегі істі ұйымдастыру туралы шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады-деп көрсетілген.

Ал, ауылдық округ, кент әкімдері 35-баптың 21)-тармағында туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады;

21-1)-тармағында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, қабірге арналған жер учаскелерін есепке алу мен тіркеуді жүргізеді,-дейді аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов.

Дөңгелек үстелді қорытқан аудандық соттың төрағасы Ақылбек Дәуренбеков:

-Бүгінгі дөңгелек үстелден әрқайсысымыз өз өздерімізге көптеген міндеттер мен алдағы күндерде атқаруға тиісті мақсаттарды жүктеген сияқтымыз. Оның біріншісі қайтыс болған азаматтарды Түркістан, Шымкент, Кентау қалаларына ары-бері тасымалдап, оның кезегін күтіп, бір-екі күн уақытты жоғалтып, оның үстіне мәйіттің бұзылатын жағдайлары болады. Сол себепті ең бастысы қаза орын алып жатқан үйдің қайғысына қайғы қоспай сараптамадан жылдам өткізу мәселесін жеңілдету үшін ауданымыздың өзінен сараптама орталығын ашуды ұйымдастыру, оған арнайы кәсіби мамандарды (сот сараптаушысы) шақыру, ол маманның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қолдау көрсету сияқты түйткілді мәселелерді шешу үшін аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлының назарына ұсынайық,-деді.

Дөңгелек үстел басында айтылған мәселелер уақытысында шешімін тауып жатса көптің көкейінде жүрген бір түйткілді кілті табылар еді.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.



«Теріскей» әнінің авторы мен Созақ ауданының Құрметті азаматы Қазақстанның Еңбек Ері атанды

Осыдан екі күн бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Теріскей» әнінің авторы, марқұм Шәмші Қалдаяқовқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы қаулыға қол қойды.

«Қазақ халқының музыка өнерін дамытудағы айрықша еңбегі үшін композитор Шәмші Қалдаяқовқа жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын (марқұм), – делінген аталмыш қаулы мәтінінде. «Байлығы жерге сыймай жатқан» жалпы Теріскей елі зор қуанышта!

Сондай-ақ ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов 1997 жылы 5 наурыздағы Созақ аудандық мәслихатының XIII сессиясының шешімімен «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағын иеленген еді. Алғаш

берілген бұл атақпен Шыңғыс Айтматов, Рахманқұл Бердібаев, Файзулла Үрмізов, Асанхан Аманжолов, Дулат Тұрантегі сияқты өнер, шығармашылық жолындағы ардақтыларымыз бен қатар ҰОС ардагерлері марапатталған болатын. Араға 25 жыл-ширек ғасыр салып Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен киелі Ұлытау жерінде, ұлттық Құрылтай төрінде Қазақ елінің ең жоғарғы наградасы – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын иеленді. Әзіреті Қаратау, қарт Созақ елінің барша жұрты көмеңгер тұлға, ұлт батыры Мұхтар Шаханов ағамызды жоғары наградасымен құттықтайды! Әулие мен әмбиелер мекені Теріскей өлкесі ақын ағамызға сарқылмас шабыт, қажытпас қайрат берсін!

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БЕСІГІН ТЕРБЕТКЕН АНАЛАР

Қасиетті Түркістан төрінде, «Аналар» республикалық журналының редакторы Ажар Момбек ұйымдастыруымен «Ақжайық» музыкалық мектебінің салтанатты сарайында «Тәуелсіздіктің бесігін тербеткен аналар» форумы болып өтті. Форумға қонақ ретінде: Ақұштап Бақтыгереева, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, қоғам қайраткері, Сәуле Мешітбайқызы, журналист, «ҚР еңбек сіңірген қайраткері», Ел анасы, Жамбыл облысының Құрметті азаматы, Қалыйма Жантөреева, Түркістан облысы мәслихатының депутаты, «Аманат» партиясының Түркістан облысы бойынша атқарушы хатшысының орынбасары, Шакен Тұрар Сәттерқызы, журналист, «Қара шаңырақ» әлеуметтік жобасының авторы, Модератор болып Гүлсара Тоққұлова, Түркістан облысы «Аналар» кеңесінің төрайымы Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ-нің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты қатысты.

Форумға қатысқан ақ жаулықты аналар салтанатты залдың сәнін келтіріп, ажарын ашты.

Ауданымыздағы «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінен де бірнеше белсенді аналарымыз аталған игілікті шараға қатысып, арнайы төсбелгілермен марапатталды.

Аналар форумында облысымыздың түкпір түкпірінен келген аналар марапатталып, арнайы сый-сыяпаттарға ие болды. Іскер аналардан бастап алтын құрсақты қарапайым аналарымызға дейін төсбелгі тағылып, іс-шара жоғары деңгейде өтті. Сонымен қатар әсем әндер орындалып, келген қонақтарға, ақ жаулықты аналарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы «Мыңжылқы» мәдениет сарайында Республикалық Ардагерлер ұйымының құрылғанына 35 жыл толу мерекесіне орай Созақ аудандық Ардагерлер ұйымы активінің салтанатты жиын өтті. Осыдан отыз бес жыл бұрын жергілікті және аймақтық ардагерлердің бастамасымен ардагерлердің басын қосатын қоғамдық бірлестік құру жөнінде түрлі деңгейлерде жиналыстармен конференциялар өтіп, нәтижесінде біртұтас Республикалық Ардагерлер ұйымын құру жөнінде ардагерлердің құрылтай жиналысы шақырылған болатын. Осы құрылтайда «Республикалық Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі құрылып, оның Орталық Комитеті айқындалды. Бүгінде облыстық және аудандық филиалдарды құрайтын қатарында миллиондаған аға буын өкілдерін топтастырған Ардагерлер ұйымы – еліміздің тұтастығы мен бірлігі жолында өз үлестерін қосып еңбек етуде. Кейінгі ұрпақ үшін ұлтымыздың өне-



жатқан аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлын Ардагерлер ұйымына 35 жыл толу мерекесімен құттықтап, бірқатар ардагерлерді Алғыс хаттармен марапаттады.

«Ардагерлер ұйымына 35 жыл толу мерекесі үлкен маңызды шара. Алдыңғы толқын ата буынның қашанда сіздер мен біздерге берер тағылымы мол. Біздің ауданымыз қартын сыйлаған, ақсақалын әспеттеген, ағалар ақылын қашанда басты назарда ұстайтын берекелі аудан. Ынтымақ пен ырыстың ақ бесігі саналатын қарттарымызға қашанда құрметіміз шексіз. Кез келген шарада қарияларымыз алдыңғы қатарда жүріп, кейінгі ұрпаққа өнеге мен үлгінің қайнар көзі болып келеді. Оған дәлел кешегі республикалық референдумда да өздерінің белсенділігі мен абыз ақсақалдық қасиетін анық көрсете білді. Баршаңызды айтулы ұлық мерекемен шын жүректен, ыстық ықыласпен құттықтаймын, - деді аудан басшысы өз құттықтауында.

кеңесінің алғыс хатымен Әзнаев Әбіләкім, Кәренұлы Әліп, Бименов Дәуітқали, Аметов Байзақ марапатталды. Халық қалаулысы, аудандық маслихаттың хатшысы Байғараев Бегімбет Бейімбетұлы аудандық маслихаттың Алғыс хатын Әбілдаев Тұрсынбай, Қамбаров Темірәлі, Дәдебеков Мәми, Кемалова Қарлығаш, Жолдасов Оразбек, Тәжібеков Сансызбай, Әйнекбаев Төленбек, Молжігітова Айгүлге салтанатты жағдайда табыс етті.

Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері», Құлыншақ Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестігінің төрағасы, мемлекеттік қызметкерлері кәсіподағының төрағасы, ауданның «Құрметті азаматы» ақын-жазушы Мыңжасар Асқаров кезекті сөз кезегін алып, Мемлекеттік қызметкерлері кәсіподағының төс белгісімен Керимова Тынышкүлді, Сақтапбергенұлы Пардабек пен Еспенбетов Қабылбек Аманбекұлын марапаттады.

Мерекелік шарада қорытынды

Қарттарым-ай, қасиеттің қамбасы!

гелі салт дәстүрі мен әдеп ғұрыптарын насихаттап, оны сақтауда тәрбие мен тәлімнің жарқын көрінісі болып табылатын ардагерлер, Тәуелсіздік алған жылдардың ішінде өзге де әлеуметтік топтармен бірдей барлық қиыншылықтармен жетістіктерді бірге бөлісіп, осындай жарқын күндерге жетуге өз үлестерін қосып келді. Осы айтулы датаға орай Орталық ардагерлер кеңесі арнайы іс жоспар бекітіп, онда барлық деңгейдегі ардагерлер ұйымдарында «Республикалық Ардагерлер ұйымының 35 жылдығын» салтанатты түрде

да таратылып берілді. Уақытты үнемдеу мақсатында сахна төрінен қысқаша видео ролик көрсетіледі. Әр халықтың бойында ықылым заманнан бері қалыптасып оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады. Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің негізгісі – үлкенді сыйлау, құрметтеу, оның сөзіне құлақ асу. Қарты бар елдің қазынасы бар дейді дана халқымыз. Ендеше осы ерекшеліктің үдесінен шығып, қарттарға, ардагерлер ұйымына үнемі қамқорлық, құрмет көрсетіп келе

Аудан әкімінің Алғыс хатымен Ниязбеков Бекен, Жақанов Ескер, Нәжімов Шубай, Досаев Бақыт, Ибраһимов Тілеубек, Тоққожаева Манат, Жакупова Зада есімді ардагерлеріміз марапатталса, облыстық ардагерлер кеңесінің Құрмет Грамотасын облыстық ардагерлер кеңесі бірлестігі бастауыш ұйымының төрағасы, ауданымыздың «Құрметті азаматы» Аймақбаев Аманғали Түктібайұлы, Талымов Жолдасбек, Өтепова Жұмақыз бен Досболлов Есенге табыстады.

Сондай-ақ облыстық ардагерлер

сөзді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Аманбекұлы Еспенбетов алып, шараны ұйымдастыруға қол ұшын созып, белсенді ат салысқан, мерейлі жиынның өтуіне мұрындық болған аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлына, мекеме, бөлім басшыларына шынайы алғысын білдіре отырып, аудандық ардагерлер кеңесінің Алғыс хатымен тамаша өнерлерімен, белсенді қызметтерімен көзге түскен азаматтарды марапаттады. Олардың қатарында Иманбеков Мұхамбетәлі, Садуақасов Қошқарбай, Томпышов Жаңабай Ба-



атап өтуді және онда аға буын өкілдерінің жас мемлекеттің іргетасын нығайтуда қосқан үлестерін насихаттап, кейінгі ұрпаққа өнеге етіп көрсетуді айрықша атап көрсеткен болатын. Міне, бүгін осындай салтанатты жиын бекітілген іс-шараға сәйкес аудан ардагерлері активімен өтті.

Республика ардагерлер ұйымының филиалы ретінде жұмыс жасап, алты мыңға жуық аға буын өкілдерін біріктіріп отырған Созақ аудандық ардагерлер ұйымы да отыз бес жылдық тарих шежіресін бірге өткізіп, ауданымыздың әлеуметтік экономикалық дамуына өз үлестерін қосып, қоғамдық өмірдің дамуымен біте қайнасып, бірге өсіп келеді.

Аудандық ардагерлер кеңесінің 2017 жылы өткен 30-жылдық салтанатты жиынынан кейінгі бес жыл көлемінде атқарған жұмыстары туралы Еспенбетов Қабылбек Аманбекұлының хабарламасы алдын ала аудандық басылымға жарияланып, қала берді жиынға қатысушыларға



станұлы, Қожанов Қожахмет, Асқанбеков Созақбай, Ділдебекұлы Нұрәлі, Жұматаев Қанатбек, Тоқтыбаев Ақылбек, Дүйсенова Орынғыз, Жүсіпбекова Райхан, «Ұлағатты әже» төсбелгісімен өнерпаз әже Үсенова Гүлжан марапатталды. Салтанатты кештің ән-күймен ажарын аша түскен Жуантөбе ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жанхзақов Сатыбалды, әнші Р.Баймұратова және ардагерлер хор ұжымы, ардагер ұстаз Мұхаммедәлі Иманбеков және де Садуақасов Қошқарбай, Үсенова Гүлжан, Кемалова Қарлығаш сияқты аға-апаларымыздың өнері көптің көңілінен шықты. Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, ескінің көзін көріп тағылымға толы тіршілік кешкен ардагер аталарымыз бен апаларымыз аман болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, аспанымыз ашық болсын!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі.

Түлектер тартуы



"ЕЛ БІРЛІГІ" МОНУМЕНТІ

Жуантөбе ауылындағы Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы орта мектепті 1982 жылғы бітіруші түлектер жасап, 40 жылдық кездесулерінде орталықтағы "Ел бірлігі" монументін жаңартып, қайда жабдықтап берді. Монумент ерекше композиция мен терең мағынаға толы. Монументте үш жүздің басын бір шаңыраққа жиып, іргелеріне кереге, баға-

наларына ұлттық ою-өрнек, төбесінде көк ту, шаңырақ астында қара қазан қойылып, ел бірлігін сақтау идеясы жатыр.

Түлектер осыдан 20 жыл бұрын өздерінің 20 жылдық кездесулерінде монументті тарту еткен болатын. Монументтің шарбағын жөндеп, алдыңғы шарбағын толық жаңадан ауыстырып, ішіне қажетті орындықтар мен арнайы беседка орналастырды. Қазіргі таңда бұл жер көпшіліктің шоғырланатын жайлы жерге айналып отыр. Ел ағаларының игі ісіне көпшілік алғысын білдіруде.

Ел ағаларының елеулі еңбектері үшін

ауыл жұртшылығы шынайы алғыстарын білдіреді. Бұл игілікті істеріңіз болашақ жас ұрпаққа үлгі болады деп сенеміз.

Ауылымызда атқарылатын жұмыстардың барлық мәселелерін бюджет есебінен шешіледі деп артып қоймай, мұндай ізгі істер жыл сайын дәстүрге айналып, бірқатар мәселелер шешімін табады.



ген, Баймұратова Балқия апайымыз мектеп кітапханасына кітаптар сериясын тарту етсе, Роза Бейсенбіқызы ауыл мешітінің асханасына үстел, орындықтар тарту етті. Ұйымшыл түлектер бақылыққа аттанған кластарының суреттерін алдын ала жинап, портрет жасатқан екен, соны марқұмдардың жанұя мү-

ТАЛАЙ ҚЫЗЫҚ КҮНДІ ӨТКІЗГЕН...

Сонау 1955 жылы дүниеге келіп, 1972 жылы Қозмолдақ ауылындағы Фани Мұратбаев атындағы орта мектепті бітірген түлектерге биыл 50 жыл! Қазақ даласының әр түкпірінде тарыдай шашырап жүрген түлектер маусым айының шуақты күндері туған жерлеріне оралып, бас қосты. Алдымен өздері оқып, білім алған қасиетті қарашаңырақта бол-

ды. Одан соң түс ауа өмірден өткен ұстаздары мен кластас достарының рухтарына бағыштап Созақ ауылындағы «Тарса» дәмханасында құран оқытып, ас берді. Бүгінде қатары сиреп бара жатқан ұстаздарын, өмірден озған ұстаздарының ұрпақтарын арнайы шақырып қал-қадірінше құрметтерін көрсетті. Түлектер арасында мектепті алтын медальмен бітір-

шелеріне естелік ретінде сыйлық жасады. Өздері алпыстан асып, жетпістің желкесіне қадам басса да ұстаздары алдында әлі де оқушы сияқтанған кейіптері жарасып-ақ тұрғандай. Ұстаздары атынан Әбілхас ағай, Нышан апай, Зоя мен Құлқаныс апайлар да өздерінің шәкірттері туралы, естерінде қалған қызықты естеліктерімен бөлісті.

КҮЛЛІ ӘЛЕМ КӨШЕДЕН БАСТАУ АЛАДЫ

Шолақорған ауылының ең шеткі көшесі саналатын Аңдас Спатаев атындағы көшенің тұрғындары, оның ішінде ардагер ұстаз Маханова Қырмызы апайдың бастамасымен, көшенің жас келіндерінің ұйымдастыруымен жыл сайын "Бақытты балалық шақ" атты мерекелік шара өтеді. Биылғы жылы бұл дәстүрлі мереке екінші рет өтіп отыр. Кәдімгі көше бойына сахна жасап, оны әсем безендіріп, дауыс зорайтқыш құрылғылары, көрермендер отыратын орындықтарына дейін ойластырылған. Кешегі күндері Роза, Макпал, Жұбаныш, Кенжебек, Сәкен аға-апалары да осы аула, ауыл сахнасынан аттанғанын еске алсақ мына сәбилердің де болашағынан зор үміт күтеміз!

-Біз бұл шараны биыл екінші рет өткізіп отырмыз. Балалар да үйреніп қалды. Көше кезіп, бос уақытын босқа өткізбей, ән-күй үйреніп, тақпақ айтып, би билеп өздеріне де, ата-аналарға қуаныш сыйлайды. Біздің көшемізде балаларға арналған ойын алаңдары жоқ. Осы тұста бұрын қоқыс алаңы болған жерді реттеп ойын алаңын салып берсе, жыл сайын сол жерде өткізетін едік. Ауыл әкімі Әділ баламының уәдесі бар. Алдағы уақытта салынып қалатын шығар,-дейді зейнеткер ұстаз Қырмызы апай.



Расында көше бойымен ары бері жүйтікпен көлікке, жүгірген балаға қарап, ми қыртысындағы шартты рефлексстер шарт-шұрт іске қосылып еріксіз алаңдайды екенсің. Жиырмадан астам бүлдіршіндер қатысқан көше мерекесі қас қарайған шақта аяқталып, барлық қатысушыларға тәтті сусындар, балмұздақ пен ойыншықтар үлестірілді. Балаларға қуаныш пен үкілі үміт сыйлаған Қырмызы, Жанат, Айсара, Салтанат, Разия, Дәуіржан сияқты көше белсенділеріне балақайлардың алғысы шексіз екенін бүлдіршіндердің нұрлы жүзінен байқадық. Аталған шараға аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бас маманы Нарқозы Жандос бауырымыз да кішкентайы Жанболат екеуі арнайы барып қатысып, біршама ой түйіп қайтты.

«Созақ үні»-ақпарат.

23 маусым-Мемлекеттік қызметші күні

Азаматтық борыш ардан биік тұрады

Қазақстандық мемлекеттік қызметшілердің өз кәсіби мерекесі бар, оны біздің мемлекетіміздің басшысы өз Жарлығымен бекітті. Бұл шешім, сөз жоқ, тұтастай мемлекеттік қызметтің, сондай-ақ, әрбір мемлекеттік қызметшінің де имиджін көтеруге бағытталған және біздің еліміз үшін басқару мен мемлекеттік билік органдарының мәнділігінің тағы бір дәлелі болып табылады.

Қазақстандық мемлекеттік қызметшілердің 23 маусым күні атап өтетін өз кәсіби мерекесі бар. Бұл қызметкерлерді ынталандырудың дер кезінде қабылданған және жарасымды шаралары, алайда, сонымен қатар соған сәйкесті түрде қойылатын талаптар да қатая түсті. Мемлекеттік қызметші болу - бұл үлкен жауапкершілік.

Қоғам дамуының қазіргі заманғы кезеңінде мемлекеттік қызметші - ол билік пен халық арасындағы өзіндік байланыстырушы буын болып табылады, сондықтан да көп нәрсе оның кәсіби біліктілігіне, жедел түрде ой қорытып, қандай да бір мәселелерді шешу жауапкершілігін өз мойнына ала білу дағдысын игергендігіне байланысты. Кез келген деңгейдегі мемлекеттік қызметші лауазымы-жай мамандық тұрғысымен салыстырғанда мейлінше жоғары. Бұл-өзін-өзі жетілдірудің тұрақты процесі.

Мемлекеттік қызметке кіріскен адам өзіне көмек пен қолдау сұрап келгендердің тағдыры негізінен өзінің шешіміне қатысты болатындығын есінде сақтау керек.

1997 жылдың өзінде «Қазақстан - 2030» стратегиялық құжатында ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі тиімді, заманауи мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымына ие кәсіби мемлекеттік құру екені анықталғанын еске сала кеткіміз келеді.

Бұл принциптер «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында да ең негізгі орында иеленді, онда «халыққа және мемлекетке қызмет етуді барлығынан жоғары қоятын кәсіпқой мемлекеттік аппарат қалыптастыру міндеті тұр» деп атап көрсетілді. Бұған, шынын айтқанда, ештеңе алып-қосарымыз жоқ.

Мемлекеттік қызметші үнемі өзінің жоғары мәртебесіне сай болып, байыпты және кәсіби тұрғыда қалыптасуы тиіс, жылдар өте келе «кәсіби тоқырау» дегенге тартылмай, өз қызметін жақсарту жолдарын ұдайы іздестіруі қажет. Ол өз ісіне жауаптылықпен қарап, жоғары орындаушылық, өзіне және әріптестеріне талап қоя білу, тәртіптілік және мүлтіксіз адамгершілік қасиеттеріне ие болуы тиіс. Бұл ретте мемлекеттік қызметші сыпайы, тіл тапқыш болуы тиіс, өйткені қызмет барысында ол азаматтармен және жұмыста әріптестерімен үнемі қарым-қатынаста болады ғой. Қатардағы азаматтар тап болған проблемалардан оның өзін шалғай ұстауына болмайды.

Қазір елімізде азаматтық қоғамды дамыту тұрғысынан оның тиімділігін түбірінен көтеруге бағытталған мемлекеттік қызметтің жаңа моделі концепциясын жүзеге асыру толық ауқымда жүруде. Атап айтар болсақ, халықаралық мойындауға ие болған бұл модельдің негізінде меритократия принципі жатыр. Яғни, мемлекеттік қызметкердің қызметі лайықты түрде бағаланады, ол үшін кәсіби, карьералық және әлеуметтік өсу мүмкіндіктері ашылады. Нәтижесінде мемлекеттік қызметке неғұрлым лайықты адамдар келеді және соған орай тұрғындардың сенімі де арта



түседі. Қазіргі заман жағдайында мемлекеттік органның ішінде өсу мүмкіндіктері көрініс беруде, өзін көрсету және карьералық баспалдақпен ілгері жылжуға мейлінше жол ашыла бастады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшісінің позитивті имиджін қалыптастыру және нығайту мемлекеттік жүйені дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының барлық маңағызын сезінуі, бар жауапкершілігі мен халыққа қызмет ету жолына түскенін қабылдауы және түсінуі тиіс. Өз елінің шынайы патриоты, әділ әрі өз ісіне адал болуы тиіс.

Ел Президенті елді тиімді басқару үшін мемлекеттік қызметші ие болуы тиіс басты сапаларды бөліп көрсетті. Бұл-жоғары моральдық жауапкершілік, кәсіби білім, оларды іс жүзінде қолдана білу, адалдық және белсенді өмірлік позиция. Мемлекеттік қызметтерді әрбір адам өз жұмысының маңыздылығын жан жүрегімен сезініп, өз елінің патриоты болып, мемлекеттік қызметтің беделін көтеру үшін барлық шараларды қабылдауы тиіс.

Қазақстан Республикасының әділет министрлігімен әрбір облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және Елордада әдеп бойынша кеңестер құрылған. Аталған институт мемлекеттік қызметшілердің моральдық-өнегелілік жүріс-тұрысын бақылап, сыбайлас жемқорлықтың және этикалық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстарды жүргізеді. Әдеп бойынша кеңес министрліктің алқалы органдары болып табылады. Әдеп бойынша кеңес мүшелері ұжымдағы моральдық-психологиялық климатты зерттеуі, олардың құқықтарын қорғауы, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды қолдану мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілерге кеңес беру құқығына ие болады.

Қорыта келе мемлекеттік органдардың барлық қызметкерлерін келе жатқан мемлекеттік қызметші күнімен құттықтап, өз парызын адал және лайықты орындап, осылайша ел алдындағы азаматтық борышы мен халықтың сенімін ақтай отырып, заңдар мен этикаға қатаң сақтаса екен деймін.

Аудан көлеміндегі барлық мемлекеттік қызметшілерге жұмыста табандылық, мақсатқа жетуде жігерлілік, шешімдер қабылдауда парасаттылық, барлық істерде кәсіби табыстар және өздерінің күштеріне сенімділік ахуалы арта түсуін шын көңілден тілеймін!

Өмірбек ДӘУЛЕТБАЕВ,
Аудан әкімі аппаратының
ақпараттандыру және мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімінің басшысы.

2022 жылғы қаңтар-мамырға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2022 жылғы қаңтар-мамыр	2022 жылғы қаңтар-мамыр, 2021 жылғы қаңтар-мамырмен, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер¹⁾		
Халық саны, адам (2022 жылғы 1 мамырға)	63 540	100,7
Туылғандар, адам	542	92,9
Өлгендер, адам	88	88,9
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	416	74,3
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	828	101,1
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2022 жылдың I тоқсаны	17 951	102,2
Бір қызметкердің орташа айлық атуалы жалақысы, теңге 2022 жылдың I тоқсаны	390 213	147,2
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	13 221,3	99,9
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	1 102 807	100,1
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	263 759	100,0
Экономиканың нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	192 736 483	101,0
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	5 842,7	99,8
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	2 095,3	129,4
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	8 586	97,1
Қаржы жүйесі²⁾		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	241 196,4	2,0 есе
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	135 184,5	115,9
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	204 250,4	178,2

¹⁾ 2021 жылғы қаңтар-сәуірдегі деректер²⁾ 2021 жылғы IV-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2022 ЖЫЛҒЫ I МАУСЫМҒА ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	бірлік	
	2022 жылғы I маусымдағы	2021 жылғы I маусымдағы
Барлығы	472	472
мемлекеттік	103	103
жеке	369	369
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	1	1
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)	8	8
шетелдік	-	-

Созақ АСБ

ШШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2022 жылдың I маусымға 3380 бірлікті құрады.

2022 жылғы I маусымға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	оның ішінде						
	ШОК заңды тұлғалары ¹⁾		дара кәсіпкерлер ²⁾		Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары		
	2022 ¹⁾	2021	2022 ¹⁾	2021	2022 ¹⁾	2021	
3 380	2 895	267	238	2 029	1 693	1 084	964

¹⁾ Жедел деректер.²⁾ Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

2022 жылғы қаңтар-мамырдағы халықтың жекелеген жұқпалы ауруларға шалдығуы (100 мың адамға шаққанда)

ІЖА тобы	Бруцеллез	Жітті вирустық гепатит	Жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпалары	Тұмау	Менингококк жұқпалары	Тыныс жолдары туберкулез	Мерез
11	4	-	356	-	-	19	4

* КР ҚЗМ ТҚҚ ОҚО ТҚҚД деректері бойынша.

Созақ АСБ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

2022 жылғы қаңтар-мамырдағы ауырлық сипаттары бойынша тіркелген қылмыстар саны*

Тіркеген қылмыстар барлығы	соның ішінде ауырлық сипаттары бойынша				
	ауыр	ерекше ауыр	ауырлығы орташа	онша ауыр емес	киянқылдықтар
61	20	-	22	7	12

*Түркістан облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет басқармасының мәліметтері бойынша.

Созақ АСБ

БЖЗҚ
Сұраңыз, жауап береміз

-Мамыр айында БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинетіме менің ерікті зейнетақы шотыма ҚДКБҚ-дан белгілі бір соманың түскенін көрдім. Осыны түсіндіріп жібере аласыз ба?

-Биыл мамыр айында Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ) «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мәжбүрлеп таратылған және (немесе) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы, барлық банктік операциялар жүргізу лицензиясынан айырылған 8 банктің («Валют-Транзит Банк» АҚ, «Қазинвест-банк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Қазақстан Эксимбанк» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ, «Астана Банкі» АҚ, «Tengri Bank» АҚ мен «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ) салымшыларына кепілдік берілген өтеуі талап етілмеген соманы БЖЗҚ-ға аударды. Бұл қаражат БЖЗҚ-дағы ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есепке алу үшін қолданыстағы немесе жаңадан ашылған жеке зейнетақы шоттарына есептелді.

Бәлкім, Сіз аталған банктердің бірінің салымшысы болған шығарсыз, мұндай жағдайда ЕЗЖ есепке алу үшін жеке зейнетақы шотына (ЖЗШ) кепілдік берілген өтеудің талап етілмеген сомасы басқа зейнетақы активтері сияқты тәртіппен инвестицияланатын болады.

-Кәсіпкер, әрі жұмыс беруші ретінде мен қызметкерлердің басқа жұмысқа ауысуларына байланысты зейнетақы жарналарын есептеп, аудару кезінде жұмыскерлердің бүкіл тізімін қайтадан жиі жаңартып отыруға мәжбүрмін. Мұны қалай жеңілдетуге болады?

-Дәл осы мақсатта, яғни жұмыс берушілерге қызметкерлердің зейнетақы аударымдарын жеңілдетіп, оңтайландыру, сондай-ақ, зейнетақы қызметтерін хсынуды жақсарту үшін БЖЗҚ биыл наурыз айында өзсайтында «Заңды тұлғаның кабинеті» жаңа жобасын іске қосты.

Жаңа жобақызметкерлердің зейнетақы жарналарын аударуы тиіс салық агенттері болып табылатын жұмыс берушілерге арналған. «Заңды тұлғаның кабинеті» міндетті зейнетақы, міндетті кәсіптік зейнетақы және ерікті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша төлем тапсырмаларын қалыптастыруға, редакциялауға және баспаға жіберуге мүмкіндік береді.

«Заңды тұлғаның кабинеті» аясында БЖЗҚ-ға төлемдерді жіберуі қажет қызметкерлердің тізімін көріп, оны редакциялауға ыңғайлы мүмкіндік берілген. Бұдан басқа, төлемдер тарихында бұрын қалыптастырылған төлем тапсырмалары бойынша барлық деректерді қарауға болады.

Жаңа қызметке қолжетімділік Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы беретін заңды тұлғаларға арналған электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде ғана қол қою құқығы бар бірінші басшыға немесе қаржылық құжаттарға қол қою құқығы бар тұлғаға беріледі, яғни барлық деректер жақсы қорғалған!

Кәсібіңіздің тасы өрге домалай берсін!

«Созақ үні»-ақпарат.

ЖОБА

Созақ ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365 бабының 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Созақ ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Созақ аудандық мәслихатының «Созақ ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерін бекіту туралы» 2016 жылғы 23 желтоқсандағы №55 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3953 болып тіркелген);

2) Созақ аудандық мәслихатының «Созақ аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы №55 «Созақ ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 13 наурыздағы №225 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4930 болып тіркелген).

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Созақ аудандық мәслихат хатшысы **Б.Байғараев**

Созақ аудандық мәслихатының
2022 жылғы _____
№ _____ шешіміне қосымша

Созақ ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері

№	Атаулары	Есептік бірлік	Баға, теңге
1	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтері		
1.1	Жайлы үйлер	1 адам	115
1.2	Жайсыз үйлер	1 адам	120
1.3	Жеке тұлғалар	1 текше метр	1000
1.3	Заңды тұлғалар	1 текше метр	2150
2	Тұрмыстық қатықалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифтері		
2.1	Жеке тұлғалар	1 текше метр	320
2.2	Заңды тұлғалар	1 текше метр	1600

ПРОЕКТ

Об утверждении тарифов на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов по Созакскому району

В соответствии с подпунктом 3) пункта 3 статьи 365 Экологического кодекса Республики Казахстан, подпунктом 15) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Созакский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить тарифов на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов по Созакскому району согласно приложению к настоящему решению.

2. Признать утратившими силу:

1) решение Созакского районного маслихата «Об утверждении тарифов на сбор, вывоз, утилизацию, переработку и захоронение твердых бытовых отходов по Созакскому району» от 23 декабря 2016 года № 55 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 3953);

2) решение Созакского районного маслихата «О внесении изменений в решение Созакского районного маслихата от 23 декабря 2016 года «Об утверждении тарифов на сбор, вывоз, утилизацию, переработку и захоронение твердых бытовых отходов по Созакскому району» от 13 марта 2019 года № 225 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 4930).

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Секретарь Созакского районного маслихата **Б.Байғараев**

Приложение к решению
Созакского районного маслихата
от «___» _____ 2022 года
№ _____

Тарифы на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов по Созакскому району

№	Наименование	Расчетная единица	Цена, в тенге
1	Тарифы на сбор, транспортировку, сортировку захоронение твердых бытовых отходов		
1.1	Домовладения благоустроенные	1 человек	115
1.2	Домовладения неблагоустроенные	1 человек	120
1.3	Физические лица	1 куб.метр	1000
1.4	Юридические лица	1 куб.метр	2150
2	Тарифы на захоронение и утилизацию твердых бытовых отходов		
2.1	Для физических лиц	1 куб.метр	320
2.2	Для юридических лиц	1 куб.метр	1600

Автокөліктегі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаңыздар

Абай болыңыздар: машинадағы өртті бірден білуге болады. Кабинадағы жанармайдың немесе күйген резеңкеліңіздің иісі, қақпақ астынан түтін шығу – бұлардың барлығы тұтану мен өртенуге әкелетін факторлар.

- Машинаның астына төгілген отынды өшіру кезінде өрт ошағының шетінен бастап ортасына бағыттап көбік немесе ұнтақ бөре отырып өртсөндіргішті пайдаланыңыздар.

- Қақпақ астындағы тұтануды өшіру кезінде оны абайлап және біртіндеп мүмкін болса қырынан таяқпен немесе жөндегіш құралмен ашыңыздар, себебі бұл кезде жалынның ұшуы мүмкін. Өрт сөндіргішті ең оттың қатты жанып жатқан ошағына бағыттаныңыздар немесе жалынды брезентпен жабыңыздар, құм, жұмсақ топырақ, қар лақтырып, су құйыңыздар.

Егер киіміңіз май немесе қолдарыңыз жанармайға малынған болса өрт сөндіруге кіріспеңіз, бұл өте қауіпті. Тұтануды тез жою мүмкіндігі болмаса машинадан қауіпсіз қашықтыққа алыстаңыз, себебі отын бағи жарылуы мүмкін. Ешқашанда жанып жатқан автомобильге отырмаңыз және оны от алдыруға тырыспаңыз. Қауіпті аймақ арасында (10 метрден кем емес) адамдар болмауы керек.

Өрт сөндірушілерді күту кезінде от тармау үшін маңайындағы автомобильдерге су құйыңыздар немесе өтіп бара жатқан адамдар мен жүргізушілердің көмегімен оларды басқа жаққа жылжытыңыздар. Егер өртеніп жатқан автомобиль кабинасында адам болса, ал есік ашылмай қалса, есікті бұзып немесе шыныны шағу керек. (жөндегіш құралмен, таспен немесе аяқпен). Зардап шеккен адамды машинадан алып шығыңыздар, «жедел жәрдем» шақырыңыздар және алғашқы медициналық көмек көрсетіңіздер немесе оны бірінші тоқтатқан машиналарыңызға отырғызып, нөмірін жазып алып немесе еске сақтап ең жақын орналасқан медпунктке жіберіңіздер. Тұтануды жойғаннан кейін болған оқиға туралы жақын орналасқан ГАИ-ге хабарлаңыздар.

Қуаныш ЕСЕНБЕК,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау капитаны.

Egov mobile мобильдік қосымшасында ЭЦҚ-ны қалай алуға болады?

Egov mobile қосымшасында электронды цифрлық қолтаңба алу - ӨТЕ ОҢАЙ. Ол үшін келесі нұсқаулықты орындау қажет:

- Авторизация бетінде «ЭЦҚ шығаруға сұрау жасау» батырмасын басу;
- «Digital id» парақшасында телефон нөмірі мен SMS-пен келген тексеру кодын енгізу;
- Бейне сәйкестендіруден өтіп, жеке куәлігіңіздің деректері мен телефон нөмірін енгізу;
- Ақпарат расталғаннан кейін жеке куәлігіңіздің нөмірі мен туған күніңізді енгізу;
- «ЭЦҚ шығару» бетінде электрондық поштаңыздың адресін және парольді енгізу;
- Жаңа бетте «Тіркеуді аяқтау» батырмасын таңдау;
- Тіркелгеннен кейін қосымшаға жылдам кіру кодын немесе Face id/touch id орнату қажет. Сіздің электронды цифрлық қолтаңбаңыз дайын.

Нүрсәуле АБДРАХМАНОВА,
Созақ ауданы бойынша Халыққа қызмет көрсету бөлімінің маманы.

Сағынамыз еске алып...

Аяулы ана, ұлағатты ұстаз, кеменгерде келісті әже бола білген ардақты анамыз **Үсетайқызы Тәттібаланың** дүниеден өткеніне де бір жылдың жүзі болып қалыпты. Ұзақ жылдар бойы шәкірт тәрбиелеп, немерелеріне үлгі-өнеге, тәлім тәрбие үйретіп, өзінің өнегелі өмірі жақсы қасиеттерімен есімізде мәңгі сақталған анамыз жаны жайсаң жан еді. Бүгінде анамызды сағынамыз, іздеп қамығамыз. Амал қанша? Алланың ісіне шара бар ма? Көнбеске амал жоқ. Анамыздың жансыз бейнесіне қарап...



Сағынамыз аяулы ана өзіңді, Ұлағатты әрбір айтқан сөзіңді. Есімізде мәңгі бақи сақталар, Жоқтығыңыз әркез ана сезілді.

Жатқан жерің жайлы болсын, Жәннәттың гүлзар бағында. Еске аламыз, іздейміз, Өзіңді ана сағына.

Сұм ажалдың ілінді қармағына, Көйе бардың қол бұлғап жан-жағыңа. Аяулы ана, жан ана, асыл ана, Көнемізде алланың басқа салғанына.

-дей келе, марқұм анамызды сағынышпен еске ала отырып, Шолаққорған ауылы, Ақшал Мұханов көшесі №90 үйде **26 маусым жылдық (25 маусым- қонақ асы)** асы өтетіндігін хабарлап, ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдастың есіне саламыз.

Асқа шақырушылар: Әбден ата ұрпақтары, ұл-қыздары, немерелері, жұбайы.

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күрес-

лекеттік басқару жүйесін бұзды, экономиканың дамуына шектеу қояды, әсіресе экономика саласында ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді, алайда көп жағдайда азаматтардың өзі лауазымды қызметкерлердің осындай қызметкерлердің қызметкерлеріне себепші болады. Сондықтан да, заң бойын-

кіре берісінде «Сенім жәшігі» орналастырылып, қабырға бетке Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) ілініп тұр. Созақ аудандық қазына-

Жауапкершілік жүгі жеңіл болмайды

су әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасуы тығыздығына да байланысты болып келеді.

Жемқорлық-қызметтік лауазымды пайдалана отырып оны жеке мүддеге пайдалану. Жемқорлық, әсіресе мемлекеттік органдарда қауіпті. Тәжірибе көрсеткендей, жемқорлық мем-

ша «алушыға» ғана емес «берушіге» де жауапкершілік артылған. Жасалған сыбайлас жемқорлыққа байланысты заң бұзушылықты, сіз экономикалық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлықпен күрес Департаментіне сенім телефоны-114, сонымен қатар, әр мемлекеттік органдардағы сенім телефоны арқылы хабарласа аласыз. Жоғарыда аталған кепілдіктер жалған ақпарат берген тұлғаларға көрсетілмейді. Осы орайда, Созақ аудандық қазынашылық басқармасы мемлекеттік мекемесі ғимаратының

шылық басқармасының «Сенім телефоны» көрнекі жерге ілініп, сенім телефон нөмірі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы мақалалар аудандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, тұрақты түрде жұмыс жасалып келеді.

Роза ЖАҚАЕВА,
Созақ аудандық қазынашылық басқармасының жетекші маман-жетекші қазынашы.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-әрбір азаматтың міндеті

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғышытығы, парақорлығы.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Жастардың алған білімдері оларды өмірде туындаған кез келген жемқорлық атаулымен кездестірмейтіндігіне сенгіміз келеді.

Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы!
Елдің болашағы – жас ұрпақтың қолында!

Мұрагер БИХАН,
Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман заңгері.

Орман өртінен сақтанайық!

Орман өрттері әр-түрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі – сөндірілмей қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңыз, соңы қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

М.КЕМАЛОВ,
Созақ орман және жануарлар элементі қорғау мекемесінің патолог инженері.

Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолаққорған-су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны төмендегі жағдайды хабарлайды:

Үкіметпен енгізілген мораторий мерзімінің аяқталуына орай Түркістан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы «Түркістан облысы бойынша ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы» №13/129-ҮІІ шешімінің 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес, 2022 жылдың 1 шілдесінен бастап ауыз суды есепке алу аспаптар бар тұтынушылар үшін 40 теңге болып өзгереді.

Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолаққорған-су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Жәндіктерге қарсы профилактикалық өңдеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары

Дезинфекция – бұл инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын жою жөніндегі шаралар болып табылады. Егерде үйіңізде түрлі жәндіктермен кеміргіштер пайда болған болса, өз бетіңше дезинфекциялық өңдеу жүргізуден аулақ болыңыз. Ондай жағдайда өзіңіздің, отбасыңыздың, туыстарыңыздың көршілеріңіздің денсаулығына зиян келтіріп, өлім жағдайына апаруы мүмкін.

Дезинфекциялық өңдеу жүргізу алдында келесі ережелерді сақтау қажет:

-Ең алдымен үйіңізде, пәтерде, дезинфекциялық өңдеу жүргізетініңіз туралы көршілерге міндетті түрде ескертіңіз.

-Дезинфекциялық өңдеуді дезинфекция дезинсекция дератизация бойынша кәсіби дайындығын растайтын куәлігі бар арнайы маман жүргізуі тиіс.

-Жәндіктермен кеміргіштерге қарсы Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық Одақтасығы аумағында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдар пайдаланылуы тиіс және дезинфекциялық құралдың мемлекеттік тіркеуден өткені туралы растау құжаты болуын талап етіп, оның жарамдылық мерзімін тексеруді ұмытпау қажет.

Дезинфекциялық құралдар қауіптілігіне қарай түрлі топқа бөлінетіндіктен, сатып алар алдында арнайы маманмен кеңесу қажет.

Қ.АНАРБАЕВ,
«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалы Созақ ауданындағы дезинфекциялық секторы нұсқаушы-дезинфекторы.

Елге сыйлы азамат



2022 жылдың Қазақстан халқы бірлігі мерекесі күні Сызған ауылының тумасы «Созақ ауданының құрметті азаматы», «Қазақстанның құрметті қариясы» «ОҚО-ның ардагер қариясы» төсбелгілері жарқырап тұр. Сонымен бірге, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің, ОҚО мәслихатының (2008, 2019), Созақ ауданы әкімінің құрмет грамоталарымен және құрмысаларына қатысты мекемелердің алғыс хаттармен марапатталған.

Қазақтың «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» мақалын санасына мықтап ұстаған Сенбі көкеміз туған ауылымен еш байланысын үзбеген. Ол кісі өмірінде 500-ге тарта нысан құрылыстарына араласты, алайда Сызған ауылына салған мешіттің орны бөлек. 2004 жылы өз қаражатына салған мешітті 2019 жылы кеңейтіп, қайта жөндеуден өткізіп ел алғысына бөленген жай бар. Сол мешіттің құжаттарын реттеп екі жыл бойы имамның айлығын өз есебінен төлеп отырды. Әуелі Алланың сосын Сенбі көкенеңі себепкер болуымен ауылымызда азан үні естіліп, асыл дініміздің құнды нығметтері адамдардың жүректеріне ұялауда.

Мектепте өтетін қайырымдылық акцияларына үнемі белсенділік танытып өскелең ұрпаққа өз ақылын айтып отырады. Пандемия кезінде ауылдағы 100-ден аса отбасыға азық-түлікпен демеушілік көрсетті. Қиналған ауылдастарына қол ұшын созу ол азаматтың өмірлік қағидасына айналған.

2014 жылы үлкен қажылық сапарына барып Ақбар қажы атанған кісі.

Егембердиев Сембінің біліктілігі, іскерлігі, өнегелі өмір соқпақтары кейінгі буынға үлгі етерліктей, түсіне білгенге.

Жүрегіне мейірім ұялаған, сауапты істерді жанына серік еткен азаматтың қажырлы еңбегін туған жері де бағалап 2022 жылы «Созақ ауданының құрметті азаматы» атағын берген болатын.

Өмірдің ыстық-суығын бірге өткізіп келе жатқан жұбайы Сарыпбекқызы Азиза апамыз екеуі 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсіріп олардан тараған 16 немеренің ортасында бақытты ғұмыр кешуде.

Мерейтой иесі жайында әңгімені көпке созуға болады. Бала кезінен көңілге қонымды тірліктерді екішеп, уақыт өте келе жүзеге асыра білген тірліктерінен елді, жерді құрметтеу сезімдері айшықталып тұрғандай. Осы қасиеттеріменде елге сыйлы да ардақты Сенбі ақсақалға.

Ұзақ жасаңыз және сауапты істерді бұдан көп жасауды жазсын!-дейміз.

қызметін атқарып құрметті зейнеткерлікке шықты.

«Жігіттің түсін емес, атқарған ісін айт» демекші, Егембердиев Сенбінің табысты еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол кісінің кеудесінде «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10, 20, 30 жылдығы», «ОҚО-на сіңірген еңбегі үшін», «Қазақстанның құрметті қариясы» «ОҚО-ның ардагер қариясы» төсбелгілері жарқырап тұр. Сонымен бірге, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің, ОҚО мәслихатының (2008, 2019), Созақ ауданы әкімінің құрмет грамоталарымен және құрмысаларына қатысты мекемелердің алғыс хаттармен марапатталған.

Қазақтың «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» мақалын санасына мықтап ұстаған Сенбі көкеміз туған ауылымен еш байланысын үзбеген. Ол кісі өмірінде 500-ге тарта нысан құрылыстарына араласты, алайда Сызған ауылына салған мешіттің орны бөлек. 2004 жылы өз қаражатына салған мешітті 2019 жылы кеңейтіп, қайта жөндеуден өткізіп ел алғысына бөленген жай бар. Сол мешіттің құжаттарын реттеп екі жыл бойы имамның айлығын өз есебінен төлеп отырды. Әуелі Алланың сосын Сенбі көкенеңі себепкер болуымен ауылымызда азан үні естіліп, асыл дініміздің құнды нығметтері адамдардың жүректеріне ұялауда.

Мектепте өтетін қайырымдылық акцияларына үнемі белсенділік танытып өскелең ұрпаққа өз ақылын айтып отырады. Пандемия кезінде ауылдағы 100-ден аса отбасыға азық-түлікпен демеушілік көрсетті. Қиналған ауылдастарына қол ұшын созу ол азаматтың өмірлік қағидасына айналған.

2014 жылы үлкен қажылық сапарына барып Ақбар қажы атанған кісі.

Егембердиев Сембінің біліктілігі, іскерлігі, өнегелі өмір соқпақтары кейінгі буынға үлгі етерліктей, түсіне білгенге.

Жүрегіне мейірім ұялаған, сауапты істерді жанына серік еткен азаматтың қажырлы еңбегін туған жері де бағалап 2022 жылы «Созақ ауданының құрметті азаматы» атағын берген болатын.

Өмірдің ыстық-суығын бірге өткізіп келе жатқан жұбайы Сарыпбекқызы Азиза апамыз екеуі 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсіріп олардан тараған 16 немеренің ортасында бақытты ғұмыр кешуде.

Мерейтой иесі жайында әңгімені көпке созуға болады. Бала кезінен көңілге қонымды тірліктерді екішеп, уақыт өте келе жүзеге асыра білген тірліктерінен елді, жерді құрметтеу сезімдері айшықталып тұрғандай. Осы қасиеттеріменде елге сыйлы да ардақты Сенбі ақсақалға.

Сержан БЕГМАНҰЛЫ,
Сызған ауылы.
ҚР Журналистер одағының мүшесі.

Мал азығын дайындау



Жонның бойындағы қызу еңбек

Шаруа үшін қолайлы кезең- жаз айы. Әрбір күнді тиімді пайдаланған еңбек адамына бұл шақ тынымсыз тіршілік етудің ұтымды сәті. Қазір қолына мал ұстаған адамдар күндіз-түні сол төрт түліктің азығын дайындауға жұмыла кіріскен.

Биыл сәуір айында жауын-шашын болмаса да мамырда жерге ылғал мол түсті. Соның әсерінен шөптің көтерілуіне мүмкіндік туды. Әсіресе ағымдағы жылы жонға шөп бітік шықты. Бұл шаруаларға қуаныш әкелді. Шөптің бітік шығуы- мол өнім алудың кепілі.

Даладағы қызу еңбек, орақтың сырылы жанды жадыратып, көңілге шаттық сезімін ұялатады. Жылдағы дәстүр бойынша Сұлтанбек Еркінбеков те мал азығын дайындау науқанына ерте бастан қамданды. Әуелі техникаларын сайлап, ретке келтірді. Тозығы жеткен бөлшектерін ауыстырып, жаңалады. Әсіресе орақтың науқан кезінде кідіріссіз жүруі керек. Ақаулануы көп болса, жұмысқа қолбайлау болады. Ерінбей-жалықпай жұмыс жасап, қалаға барып, базар аралап, техникаларының қосалқы бөлшектерін алып келді. Барлығы ұдай қымбат. Әйтсе де оған қараған жоқ. Керекті заттарды жеткізіп алды. Біраз бөлшектерді алып қалаларға тапсырыс беріп жеткізді. Шөп тайлайтын техникасын да талапқа сай жабдықтады. Байлайтын жіпті де мол етіп алдырды. Жылдағы жасап жүрген жұмысы болған соң Сұлтанбек тыңғылықты дайындықты науқан басталмастан бұрын жүргізді. Бүгінгі істі ертеңге қалдырмайтын дағды оның бойына бала кезден қалыптасқан. Нәтижесінде оның пайдалы екендігін күнделікті тіршілікте көріп келе жатқан жайы бар. Бұндай ұқыптылықты ол бауырларына да үйретуден жалыққан емес.

Мал азығын мол етіп дайындап алу- қыс маусымында қысылмаудың басты кепілі екендігін С.Еркінбеков жақсы түсінеді. Оның үстіне биылғы жыл азықты мол етіп дайындауға мүмкіндік тудырып тұр. Әсіресе Жонның бойында шөп бітік өскен. Енді осы сәтті тиімді пайдаланып шөптің мол қорын жасақтап алған абзал.

Жақында жолымыз түсіп Сұлтанбек Қуанышбекұлының жаз жайлауы «Арпа бұлақ» өңіріне барған едік. Сонадайда бір отар қой бытырай жайылып жүр. Жайқалған шөп алқабынан Сұлтанбекті кездестірдік. Зырылдаған орақтың үні даланы еңбек дүбіріне бөлеген. Жақындай барып амандық

сұрастық. Жүзін көктемнің самал желі өпкен қараторы келген жігіт ағасы бізбен емен-жарқын әңгімелесті.

-Аға, шөп дайындау жұмыстарын бастағанымызға бір-екі аптадай уақыт болды. Шөптің түсімі көңілдегідей. Жыл сайын кооператив малына мал азығын өз күшімізбен дайындаймыз. Сол үрдіс биылғы жылы да жалғасын табады. Шаруашылығымызда трактор, орақ, шөп тайлағыш, тырма, жүк автокөлігі бар. Науқан басталмас бұрын барлық техниканы сайлап алған едік. Соның арқасында қазіргі кезде техникаларымыз кідіріссіз жүріп тұр. Бағымымыздағы қойларды інім қарайды. Өзім шөп дайындау науқанына басшылық жасаймын. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей бауырларыммен бірге осы шаруаны да қоса атқарамыз.

Таңмен таласа тұрып шөп оруды бастап кеткенбіз. Өзіңіз көріп тұрғандай таң азаннан бері бірталай жердің шөбін жапырып тастадық. Анау тұста інім Ағабек орылған шөптерді тайлап жүр.

Орылған шөптерді қыстық мал қорамызға жеткізіп жатырмыз. Қалғанын қол жетімді бағада ауылдастарымызға сатамыз.

Жалпы мал азығын дайындау жұмыстарын қара күзге дейін жүргіземіз. Шөпшілерге уақтылы ас-суын жеткізіп беру де оңай шаруа емес. Сондықтан бел шешпей еңбек етіп жүрген жігіттерге барынша жағдай жасаймыз. Техникалары ақауланып қалса, тез арада қалыпқа келтіріп беруге күш саламын.

Ауылдастарыма айтар едім:

-Биылғы жылы табиғат кеңшілік жасап мол мүмкіндік беріп тұр. Сондықтан осы бір ұтымды сәтті тиімді пайдаланған абзал.

Қолға орақ, шалғы орақ алып Жонның бойындағы сай-саладан да мол шөп қорын жасақтап алуға болады. Ол үшін ерінбей еңбек ету керек деп есептеймін.

Дана халқымызда: «Қамданған қапы қалмайды» деген әдемі тәмсіл бар. Сондықтан қыстың қытымыр аязында мал азықтан тарықпасын десек осы кезден жатпай-тұрмай қам жасап еңбек еткеніміз дұрыс,-деді Сұлтанбек. «Құмкент» өндірістік кооперативінің аға шопаны Сұлтанбек Еркінбековпен «Еселі еңбегі жемісті болсын!»-деген игі тілекпен қоштастық.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.